

**БІЛІМ БЕРУ-САУЫҚТЫРУ
БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ЖОБАСЫ**

«Future Ел – болашақ Қазақстан шеберханасы»

Өзірлеуші: «СҚО Есіл ауданының білім бөлімі» КММ

Өзірленген жылы: 2026 жыл

МАЗМҰНЫ

№	Бөлім	Бет
1	Жалпы ережелер	3
2	Глоссарий	7
3	Бағыттылығы мен тақырыптық мазмұны	12
4	Мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері	15
5	Құрылымы мен мазмұны	17
6	Іске асыру шарттары	34
7	Кадрлық және әдістемелік қамтамасыз ету	37
8	Бағдарламаны іске асыру нәтижелерін мониторингілеу және бағалау	40
9	Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі	44

1-бөлім. Жалпы ережелер

Бағдарламаның атауы

Кәмелетке толмағандарға арналған «Future Ел – болашақ Қазақстан шеберханасы» білім беру-сауықтыру бағдарламасы (бұдан әрі — Бағдарлама) маусымдық стационарлық балалар сауықтыру және білім беру орталығы жағдайында балалар мен жасөспірімдерді кешенді білім беру, тәрбиелеу және сауықтыру мақсатында әзірленді.

Бағдарлама ұлттық құндылықтарды, цифрлық технологияларды, жобалық оқытуды, шығармашылық өзін-өзі танытуды және сауықтыру тәжірибелерін біріктіретін жаңа буындағы заманауи жазғы балалар демалысының үлгісі болып табылады.

Балалар мен жасөспірімдердің жазғы жұмыспен қамтылуының кешенді бағдарламасы «Адал азамат» республикалық бірыңғай тәрбие бағдарламасының құндылықтарына сәйкес құндылыққа бағдарланған, құзыреттілік және гуманистік тәсілдерді біріктіретін берік әдіснамалық негізде құрылған.

Бағдарлама мазмұны балалар мен жасөспірімдердің физикалық және психоэмоционалдық жағдайын нығайтуға, жеке әлеуетін ашуға, негізгі өмірлік құзыреттерін дамытуға, сондай-ақ ұлттық сана мен азаматтық жауапкершілікті қалыптастыруға ықпал ететін тұрақты, сауықтыру және қауіпсіз жазғы демалыс ортасының жұмыс істеуіне жағдай жасауға бағытталған.

Бағдарламаның ерекшелігі – «Адал Азамат» бірыңғай тәрбие және білім беру тұжырымдамасымен біріктірілген тақырыптық ауысымдарды іске асыру. Негізгі идеялары: «Заң және тәртіп», «Еңбек адамы», «Таза Қазақстан».

Бағдарламаны іске асыратын БСБО туралы мәліметтер

Бағдарламаны іске асыру орны: СҚО, Есіл ауданы, Мальцево ауылы, «Родник» балалар сауықтыру лагері» КМҚК.

БСБО қызметі 2026 жылғы маусым-тамыз айлары аралығында жүзеге асырылады.

Бір ауысымның ұзақтығы – 10 күнтізбелік күн.

1 ауысымдағы балалар саны – 103 адам.

Жас ерекшелігі: 6–16 жас.

Ауысым саны – 5.

Барлық бала саны – 515.

Бағдарлама экологиялық қолайлы табиғи аймақта орналасқан қала сыртындағы БСБО базасында жүзеге асырылады, онда балалар мен жасөспірімдердің толыққанды

демалысына, сауықтыруына, қауіпсіз тұруына, білім беру және тәрбиелік қызметін ұйымдастыруға жағдай жасалған.

БСБО инфрақұрылымына тұрғын корпустар, білім беру және жобалық қызметке арналған бөлмелер, спорт алаңдары, демалыс аймақтары, акт және шығармашылық залдары, шеберлік сабақтарын өткізуге арналған алаңдар, медиа-кеңістіктер, командалық және квест іс-шараларын өткізу аймақтары, сондай-ақ заманауи технологияларды қолдана отырып білім беру белсенділіктерін жүзеге асыруға арналған ашық алаңдар кіреді.

БСБО-ның білім беру ортасы – демалыс, сауықтыру және бейресми оқытуды біріктіретін кешенді кеңістік. Ол жобалық тәсіл мен икемді дағдыларды (soft skills) дамытуға негізделіп, балаларға мектептегі жаттаусыз интерактивті ойындар мен тәжірибе арқылы білім алуға мүмкіндік береді.

Бағдарламаны әзірлеудің құқықтық негіздері

Бағдарлама Қазақстан Республикасының білім беру, тәрбие, сауықтыру және кәмілетке толмағандардың демалысын ұйымдастыру саласындағы заңнамасына сәйкес әзірленді:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы;
2. «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы №345 Заңы;
3. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 7 қазандағы №237 бұйрығымен бекітілген білім беру ұйымдарындағы балаларды сауықтыру және демалысын ұйымдастыру қағидалары;
4. ҚР ДСМ-78 № бұйрығымен бекітілген «Балаларды сауықтыру және санаторий объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары;
5. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығымен бекітілген білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары;
6. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 26 мамырдағы №123 бұйрығымен бекітілген «Адал азамат» бірыңғай тәрбие бағдарламасы;
7. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 20 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-292/2020 бұйрығымен бекітілген балаларды сауықтыру және ұйымдастырылған демалыс кезеңінде медициналық көмек көрсету қағидалары;
8. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 30 наурыздағы №117 бұйрығымен бекітілген білім беру объектілерінің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық;

9. Қазақстан Республикасының балалардың демалысын, сауықтыруын, тәрбиесін, қосымша білім беруін және қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелерін реттейтін өзге де нормативтік құқықтық актілері.

Бағдарлама өскелең ұрпақты тәрбиелеу, ұлттық бірегейлікті дамыту, цифрлық сауаттылық, патриоттық тәрбие, экологиялық мәдениет, soft skills және ХХІ ғасыр дағдыларын дамыту саласындағы заманауи мемлекеттік басымдықтарды ескере отырып әзірленді.

Бағдарламаның тұжырымдамалық тәрбиелік негізі – «Адал азаматты» қалыптастыру идеясы, яғни жауапты, бастамашыл және жасампаз Қазақстан азаматын тәрбиелеу.

Бағдарламаның педагогикалық стратегиясы Қазақстанның тарихы мен мәдени мұрасына құрмет қалыптастыруға; ынтымақтастық пен көшбасшылық дағдыларын дамытуға; адалдық пен жауапкершілік мәдениетін қалыптастыруға; экологиялық және азаматтық сананы дамытуға; медиа сауаттылық пен цифрлық мәдениетті дамытуға; жасампаз өмірлік ұстанымды қалыптастыруға; еңбекке және қоғамдық құндылықтарға құрметті нығайтуға бағытталған.

Бағдарламаның ұзақтығы

Бағдарлама 2026 жылғы маусым-тамыз айлары аралығындағы жазғы маусым кезеңінде іске асырылады.

Бір ауысымның ұзақтығы – 10 күнтізбелік күн.

Жазғы маусым ішінде Бағдарламаның ортақ тұжырымдамасы мен бірыңғай тәрбиелік және білім беру тәсілдерімен біріктірілген бірнеше тақырыптық ауысымдарды өткізу, сондай-ақ құқықтық мәдениет пен жеке жауапкершілікті қалыптастыру қарастырылған. Әр лагерь мен жасақта тәртіпке, қоғам ережелерін құрметтеуге және еркіндіктің жауапкершіліксіз мүмкін еместігін түсінуге баса назар аударылады.

Кәмелетке толмағандардың жас ерекшелігі

Бағдарлама 6-16 жас аралығындағы балалар мен жасөспірімдерге арналған.

Жазғы кезеңде балалардың сауықтыру демалысын, бос уақытын және жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру – мемлекеттің әлеуметтік саясатының ажырамас бөлігі және балалардың шығармашылық дамуына, рухани әлемі мен интеллектісін байытуға мүмкіндік болып табылады. Каникул – оқу сабақтарынан бос уақыт, балаға ерекше назар аударылатын және оның әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз ететін кезең.

Жазғы маусымның тақырыптық ауысымдарының тұжырымдамасы

№	Ауысым атауы	Негізгі идея
1	«Qazaq Power»	Азаматтық-патриоттық тәрбие мен ұлттық бірегейлікті қалыптастыру
2	«ЭкоLand»	Балалар мен жасөспірімдерді әлеуметтік маңызы бар қызметке тарту, волонтерлік бастамаларды, экологиялық жобаларды, қайырымдылық акцияларын дамыту
3	«ИИ и Я: Smart bala»	Жасанды интеллект, медиа, блогинг, цифрлық шығармашылық және ұлттық мәдениет
4	«Art-Fest»	Жобалық қызмет, көшбасшылық және болашақ дағдылары. Креативті және сыни ойлау - жаңашыл идеялар ұсыну, стандартты емес шешімдер қабылдау қабілеті
5	«Ата-баба жолы»	Патриотизмді, еңбекке, отбасыға және ұлттық рәміздерге құрметті нығайту

Бағдарламаның негізгі ерекшеліктері

«Future Ел – болашақ Қазақстан шеберханасы» бағдарламасы жаңа буындағы инновациялық білім беру-сауықтыру бағдарламасы болып табылады және мыналарды біріктіреді:

1. Қазақстанның этномәдени мұрасы;
2. digital-art және медиа шығармашылық;
3. ұлттық ойындар мен заманауи тимбилдинг форматтары;
4. soft skills дамыту;
5. экологиялық тәрбие;
6. цифрлық қауіпсіздік және медиа сауаттылық;
7. заманауи тәрбиелік технологиялар.

Бағдарламаның бірегейлігі: «Этно + технология + көшбасшылық + ұлттық бірегейлік + болашақ дағдылары» интеграциясында.

Бағдарлама әртүрлі мамандықтармен ерте танысуға, жобалық ойлауды дамытуға, өзін-өзі тануға және өмірлік жолды саналы таңдауға жағдай жасауға бағытталған.

2-бөлім. Глоссарий

1. «Future Ел – болашақ Қазақстан шеберханасы» – «Адал азамат» республикалық бірыңғай тәрбие бағдарламасының құндылықтарына сәйкес құндылыққа бағдарланған, құзыреттілік және гуманистік тәсілдерді біріктіретін балалар мен жасөспірімдердің жазғы жұмыспен қамтылуының кешенді бағдарламасы.

2. Soft Skills («Икемді дағдылар») – табысты коммуникацияны, бейімделуді, ұжымда өзара әрекеттесуді, көшбасшылықты, өзін-өзі реттеуді және тиімді ынтымақтастыққа қабілеттілікті қамтамасыз ететін әмбебап дағдылар жиынтығы;
3. бейімделу – кәмелетке толмағандардың БСБО жағдайына, жаңа әлеуметтік ортаға, күн тәртібіне және қызмет түрлеріне бейімделу процесі;
4. бейімделу кезеңі – қатысушыларды психологиялық біріктіруге, БСБО ережелерімен таныстыруға, сенім, эмоционалдық жайлылық және командалық өзара әрекеттесу атмосферасын қалыптастыруға бағытталған ауысымның бастапқы кезеңі;
5. тіршілік қауіпсіздігі – Қазақстан Республикасы заңнамасының еңбек қорғау, санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылық, өрт және терроризмге қарсы қауіпсіздік талаптарын сақтау арқылы қамтамасыз етілетін кәмелетке толмағандардың өмірі мен денсаулығының қорғалу жағдайы;
6. тәлімгер – жасақтың педагогикалық сүйемелдеуін жүзеге асыратын, балалардың тыныс-тіршілігін ұйымдастыратын, олардың іс-шараларға қатысуын қамтамасыз ететін, қолайлы әлеуметтік-психологиялық ахуал қалыптастыратын, сондай-ақ тәртіп пен қауіпсіздік талаптарының сақталуын бақылайтын педагог;
7. тәрбиеші – Бағдарламаның тәрбиелік міндеттерін іске асыруды, тәлімгерлер қызметін үйлестіруді, кәмелетке толмағандармен тәрбиелік жұмысты ұйымдастыруды және ауысым кезеңінде білім беру процесіне қатысушылармен өзара әрекеттесуді қамтамасыз ететін педагог;
8. тәрбиелік қызмет – кәмелетке толмағандардың азаматтық жауапкершілігін, патриотизмін, рухани-адамгершілік құндылықтарын, мінез-құлық мәдениетін және әлеуметтік маңызды тұлғалық қасиеттерін қалыптастыруға бағытталған жүйелі ұйымдастырылған процесс;
9. уақытша балалар ұжымы – ауысым кезеңіне құрылған, ортақ тұрмыс, қызмет және қарым-қатынас жағдайларымен біріктірілген балалар тобы;
10. салауатты өмір салты (СӨС) – денсаулықты сақтау мен нығайтуға бағытталған мінез-құлық ұстанымдары мен тәжірибелер жиынтығы;
11. командалық синергия – өзара қолдау, рөлдерді бөлу, ұжымдық жауапкершілік және ортақ мақсаттарға қол жеткізуге негізделген қатысушылардың бірлескен қызметінің нәтижесі;
12. креативті шеберхана – шығармашылық ойлауды, визуалдық мәдениетті, дизайн, медиа және digital-шығармашылық дағдыларын дамытуға бағытталған білім беру алаңы;
13. медиа сауаттылық – ақпарат пен цифрлық контентті сыни тұрғыдан қабылдау, талдау, жасау және қауіпсіз пайдалану қабілеті;
14. Бағдарламаны іске асыру мониторингі – Бағдарламаны іске асыру барысы, күтілетін нәтижелерге қол жеткізу және өткізілетін іс-шаралардың тиімділігі туралы ақпаратты жинау, талдау және бағалау жөніндегі жүйелі қызмет;

- 15.эмоционалдық жағдай мониторингі – қатысушылардың эмоционалдық жағдайын уақытылы анықтауға және тәрбиелік ортаны түзетуге бағытталған педагогикалық бақылау және рефлексия жүйесі.
- 16.Ұлттық бірегейлік – қатысушылардың Қазақстан халқының мәдениетіне, тарихына, тіліне, дәстүрлеріне және рухани құндылықтарына өзінің қатыстылығын сезінуі;
- 17.білім беру қызметі – ауысым кезеңінде жүзеге асырылатын және балалардың танымдық белсенділігін дамытуға, дүниетанымын кеңейтуге, функционалдық сауаттылығын, soft skills дағдыларын және тұлғалық қасиеттерін қалыптастыруға бағытталған, жалпы білім беру оқу бағдарламаларының мазмұнын қайталамайтын арнайы ұйымдастырылған педагогикалық іс-шаралар жүйесі;
- 18.кәмелетке толмағандарға арналған білім беру-сауықтыру бағдарламасы – БСБО жағдайында жүзеге асырылатын, баланың тұлғасын дамытуға, оның физикалық және психоэмоционалдық денсаулығын нығайтуға, әлеуметтік маңызды қасиеттерін қалыптастыруға және мазмұнды демалысын қамтамасыз етуге бағытталған білім беру, тәрбиелік және сауықтыру іс-шараларының жүйелі ұйымдастырылған кешені;
- 19.сауықтыру қызметі – балалардың физикалық және психикалық денсаулығын нығайтуға, аурулардың алдын алуға, қимыл-қозғалыс белсенділігін дамытуға және салауатты өмір салтының тұрақты дағдыларын қалыптастыруға бағытталған іс-шаралар жиынтығы;
- 20.жасақ – тақырыптық ауысым аясында бірлескен қызмет үшін жас ерекшелігі немесе ортақ қызығушылықтары бойынша біріктірілген уақытша балалар ұжымын білдіретін БСБО құрылымдық бірлігі;
- 21.ауысымның жоспар-кестесі – ауысым күндері бойынша бөлінген іс-шаралар тізбесін қамтитын, білім беру, тәрбиелік және сауықтыру қызметінің мазмұнын көрсететін құрылымдалған құжат;
- 22.жобалық оқыту – қатысушылар идеядан бастап зерттеу, таныстыру және нәтижені көпшілік алдында қорғауға дейінгі жобаны құрудың толық циклінен өтетін педагогикалық технология;
- 23.психологиялық сүйемелдеу – кәмелетке толмағандардың эмоционалдық саулығын қамтамасыз етуге, олардың БСБО жағдайына бейімделуіне ықпал етуге, күйзеліс жағдайларының алдын алуға және коммуникативтік дағдыларын дамытуға бағытталған іс-шаралар жүйесі;
- 24.күн тәртібі – кәмелетке толмағандардың дамуы мен сауықтырылуына оңтайлы жағдайларды қамтамасыз ететін, ғылыми негізделген және нормативтік тұрғыдан белгіленген әртүрлі қызмет пен демалыс түрлерінің кезектесу реттілігі;
- 25.рефлексия («От», «Шам») – күн қорытындысын ұжымдық талқылау түрі, жеке тәжірибені, эмоционалдық жағдайды, жетістіктер мен ұжымдағы өзара әрекеттесуді саралауға бағытталған;
- 26.ауысым – белгілі бір ұзақтығы, тақырыптық бағыты және қызмет бағдарламасы бар балалардың БСБО-да ұйымдастырылған болу кезеңі;

27. тақырыптық ауысым – ауысым кезеңіндегі балалардың тіршілік әрекетін ұйымдастырудың мазмұндық-мағыналық негізі, білім беру-тәрбиелік және сауықтыру жұмысының бірыңғай бағытын, идеясын және тұжырымдамасын айқындайтын, Бағдарламаға қатысушылар қызметінің барлық түрлерінің тұтастығын, жүйелілігін және интеграциясын қамтамасыз ететін негіз;
28. ұжымдық шығармашылық қызмет технологиясы – ұжымдық істер мен шығармашылық жобаларды бірлесіп жоспарлау, ұйымдастыру, іске асыру және талдау негізіндегі педагогикалық тәсіл;
29. цифрлық қауіпсіздік технологиясы – цифрлық ортада қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын, дербес деректерді қорғауды және интернет-ресурстарды жауапкершілікпен пайдалануды қалыптастыруға бағытталған білім беру іс-шараларының жүйесі;
30. ауысым қатысушылары – білім беру-сауықтыру бағдарламасын іске асыруға қатысатын кәмелетке толмағандар, сондай-ақ оны жүзеге асыруды қамтамасыз ететін педагогикалық және өзге де қызметкерлер;
31. экологиялық мәдениет – табиғатқа, қоршаған ортаға, табиғи ресурстарға және экологиялық қауіпсіздікке ұқыпты қарауға бағытталған құндылықтар мен тәжірибелер жүйесі;
32. эмоционалдық интеллект – өз эмоцияларын және басқа адамдардың эмоционалдық жағдайын түсіну, мінез-құлқын басқару және ұжымда сындарлы өзара әрекеттестік орната білу қабілеті.

3-бөлім. Бағыттылығы мен тақырыптық мазмұны

Бағдарламаның бейіндік бағыты

«Future Ел – болашақ Қазақстан шеберханасы» бағдарламасы жазғы каникул кезеңінде балалар мен жасөспірімдердің сауықтыру демалысын, бос уақытын тиімді ұйымдастыру, жалпы мәдениетін және салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру, денсаулықты нығайту, шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында жүзеге асырылады.

Бағдарламаның негізі – білім беру ұйымының қауіпсіздігі мен жайлылығын қамтамасыз ету, ынтымақтастық пен қолдау атмосферасын қалыптастыру, моральдық, әлеуметтік және мәдени орта құру.

Бағдарламаның тақырыптық мазмұны

Бағдарламаның тақырыптық мазмұны балалардың сауықтыру демалысын, бос уақытын және жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру мүмкіндіктерін кеңейту арқылы өскелең ұрпақты әлеуметтендіру мен дамыту міндеттерін шешуге бағытталған тұжырымдама негізінде құрылған.

№1 ауысым «Qazaq Power» – көшбасшылықты дамытуға, азаматтық-патриоттық тәрбие мен ұлттық бірегейлікті, медиа сауаттылықты, цифрлық коммуникация және командалық өзара әрекеттесу дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.

№2 ауысым «ЭкоLand» – балалар мен жасөспірімдерді әлеуметтік маңызы бар қызметке, волонтерлік бастамаларға, экологиялық жобалар мен қайырымдылық акцияларына тартуға бағытталған.

№3 ауысым «ИИ и Я: Smart bala» – заманауи технологияларға, цифрлық өнерге, жасанды интеллектке және ұлттық мәдениетті жаңа форматта танытуға арналған.

№4 ауысым «Art-Fest» – жобалық қызметті, көшбасшылық пен болашақ дағдыларын, креативті және сыни ойлауды дамытуға бағытталған.

№5 ауысым «Ата-баба жолы» – патриотизмді, еңбекке, отбасыға және ұлттық рәміздерге құрметті нығайтуға арналған.

Бағдарлама мазмұны білім беру интенсивтері, медиа және digital-зертханалар, шығармашылық студиялар, командалық ойындар, зерттеу тапсырмалары, ұлттық ойындар, тренингтер, спорттық белсенділіктер және мәдени-демалыс іс-шаралары арқылы жүзеге асырылады.

Бағдарламаның өзектілігінің негіздемесі

Бағдарламаның өзектілігі қарқынды өзгеріп жатқан цифрлық қоғам жағдайында жасөспірімдермен тәрбиелік және білім беру жұмысының заманауи түрлерін құру қажеттілігімен байланысты.

Лагерьдің тәрбиелік жұмысының орталығы – бала және оның өзін-өзі жүзеге асыруға деген ұмтылысы. Мұнда болу әрбір бала үшін жаңа білім алу, дағдылар мен өмірлік тәжірибе жинақтау кезеңі болып табылады. Бұл лагерь ауысымын жоспарлаудың жан-жақты ойластырылған ұйымдастырылған жүйесінің арқасында мүмкін болады.

Балаларға өз демалысының мазмұнын анықтауда еркіндік беріледі. Жоспардың негізгі бағыттарын толықтыруға қатысу, әр күнді нақты жоспарлау балалардың өзін-өзі жүзеге асыруына мүмкіндік береді.

Мақсатты аудиторияның сипаттамасы

Біздің лагерьдің мақсатты аудиториясы бірнеше негізгі топтарды қамтиды, олардың әрқайсысының өзіндік қажеттіліктері мен күтілімдері бар. Осы топтарды түсіну бізге балалар мен олардың ата-аналарының сұраныстарына сай келетін бағдарламалар мен қызметтерді әзірлеуге көмектеседі.

Біздің Бағдарлама ата-аналардың балаларының дербестікке үйренгеніне, өзіне деген сенімділігін нығайтқанына және құрдастары арасында әлеуметтену мүмкіндігіне ие болғанына сенімді болуы үшін құрылған. Біз тек ойын-сауық ұсынып қана қоймай, сонымен қатар тұлғалық өсу мен дамуға мүмкіндік береміз.

Бағдарламаның жаңашылдығы мен ерекшеліктері

Бағдарламаның жаңашылдығы ұлттық тәрбие, заманауи технологиялар және жобалық тәсілдің бірыңғай білім беру-сауықтыру ортасында үйлесуімен ерекшеленеді.

«Адал азамат» бағдарламасын іске асыру білім алушылардың тұрақты адамгершілік ұстанымдарын, заңға құрметін, белсенді азаматтық көзқарасын, адалдық пен жауапкершілік мәдениетін қалыптастыруға, сондай-ақ қоғам өміріне саналы түрде қатысуға дайындығын дамытуға ықпал етеді. Аталған бағдарлама қойылған міндеттерді шешуде тәжірибелік тәсілді қолдануға мүмкіндік береді. Жасанды интеллектіні қолдану арқылы әрбір баланың қабілеті мен мүмкіндігін жеке ашуға жағдай жасайды.

4-бөлім. Мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері

Бағдарламаның мақсаты

Мақсаты – балалардың жазғы демалысын ұйымдастыруда сауықтыру, әлеуметтік бейімдеу, экологиялық, экономикалық, шығармашылық, білім беру, спорттық және көшбасшылық бағдарламаларын іске асыруға арналған бірыңғай тәсілдерді қалыптастыру.

Балалардың цифрлық сауаттылығын кеңейту, цифрлық құралдарды, медиа коммуникацияларды, жобалық басқару негіздерін, қаржылық сауаттылық пен кәсіпкерлік ойлауды үйрету.

Бағдарламаның міндеттері

Бағдарламаның міндеттері білім беру және сауықтыру модульдері арқылы іске асырылады.

1. Азаматтық-патриоттық тәрбие мен ұлттық бірегейлікті қалыптастыру;
2. Әртүрлі мамандықтармен ерте танысуға, жобалық ойлауды, өзін-өзі тануды және өмірлік жолды саналы таңдауды дамытуға жағдай жасау;
3. Көшбасшылықты, креативтілікті және интеллектуалдық әлеуетті дамыту;
4. ХХІ ғасырда табысқа жету үшін қажетті soft skills және кәсіпкерлік дағдыларын дамыту;
5. Құқықбұзушылықтың, жарақаттанудың алдын алу, өзіне және айналасындағыларға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру арқылы қауіпсіз жазғы демалысты қамтамасыз ету;
6. Балалар мен жасөспірімдерді әлеуметтік маңызы бар қызметке, волонтерлік бастамаларға, экологиялық жобалар мен қайырымдылық акцияларына тарту;
7. Баланың толыққанды сауықтырылуы мен дамуына жағдай жасау;

8. Балалардың цифрлық сауаттылығын, медиа коммуникацияларды, қаржылық сауаттылықты және кәсіпкерлік ойлауды дамыту;
9. Инклюзивті орта, тең мүмкіндіктер және жеке тәсіл қалыптастыру;
10. Өртүрлі деңгейдегі бағыттар мен жеке даму траекториялары бойынша жұмысты ұйымдастыру.

Бағдарламаны іске асырудың күтілетін нәтижелері

Бағдарламаны іске асыру нәтижесінде:

1. Каникул кезеңінде балалардың сауықтыру демалысын, бос уақытын және жұмыспен қамтылуын қамтамасыз етудің тиімді жүйесі құрылады.
2. Жаңа педагогикалық, ақпараттық және денсаулық сақтау технологиялары енгізіледі.
3. Балалардың бұқаралық спорт пен туризмге қатысу көрсеткіші артады.
4. Оқушылардың туған өлкені, тарихи және мәдени ескерткіштерді, табиғатты тәжірибе арқылы тануы негізінде экологиялық мәдениеті қалыптасады.
5. Салауатты өмір салты, алкогольдің, темекі шегудің және нашақорлықтың алдын алу бойынша білімдері кеңейеді.
6. Жазғы каникул кезеңіндегі аурушандық көрсеткіші төмендейді.
7. Балалар арасындағы құқықбұзушылық көрсеткіші азаяды.
8. Балалар мен жасөспірімдердің қоғамдық және волонтерлік қозғалысын дамытуға жағдай жасалады.
9. Балалардың денсаулығы нығаяды.
10. Өртүрлі жастағы балалар арасындағы достық пен ынтымақтастық нығаяды, төтенше жағдайларда әрекет ету дағдылары қалыптасады.
11. Қосымша білім беру ұйымдарымен ынтымақтастық арқылы балаларды сауықтыруға, эстетикалық, патриоттық және адамгершілік тұрғыдан дамытуға қолайлы жағдай жасалады.
12. Балалардың өмірі қызықты әлеуметтік-мәдени іс-шаралармен толықтырылады.
13. Өртүрлі жастағы балалар арасындағы достық пен ынтымақтастық нығаяды.
14. Баланың шығармашылық қабілеттері, бастамашылдығы мен белсенділігі дамиды.
15. Патриотизм сезімі қалыптасады.
16. Туған табиғатқа құрмет тәрбиеленеді.

5-бөлім. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

«Future Ел – болашақ Қазақстан шеберханасы» бағдарламасын іске асыру өзара байланысты екі модуль арқылы жүзеге асырылады: «Білім беру модулі» және «Сауықтыру модулі».

Модульдер қатысушылардың күнделікті қызметіне біріктіріліп, білім беру, тәрбиелік, шығармашылық, жобалық, спорттық және сауықтыру қызметтерін үйлестіре отырып, жасөспірім тұлғасының жан-жақты дамуын қамтамасыз етеді.

Модульдердің мазмұны кәметке толмағандардың жас, психологиялық және физиологиялық ерекшеліктерін, ауысымдардың тақырыптық бағытын, қауіпсіз білім беру ортасының қағидаттарын және заманауи тәрбиелік тәсілдерді ескере отырып іске асырылады.

1. Білім беру модулі

«Родник» лагерінің аясында туған өлкенің рухани-адамгершілік дәстүрлері мен тарихын зерделеуге, туристік қызмет дағдыларын қалыптастыруға байланысты тәрбиелік іс-шаралар қарастырылған.

Білім беру қызметі қозғалыс, дыбыс, түстер және сезім әлемімен танысуды да қамтиды. Түрлі материалдардан бұйымдар жасау, модельдеу дағдыларын дамыту арқылы балалар шығармашылық қызмет барысында әлемнің тұтас бейнесімен танысады.

Білім беру модулі аясында келесі қызмет бағыттары ұйымдастырылады.

«Заң және тәртіп» бағыты

Бұл бағыт құқықтық мәдениет пен жеке жауапкершілікті қалыптастыруға бағытталған. Лагерьде тәртіпке, қоғам ережелерін құрметтеуге және еркіндіктің жауапкершіліксіз мүмкін еместігін түсінуге ерекше назар аударылады.

Осы бағыт аясында:

- «Бала құқығы – басты заң!» әлеуметтік дағдылар тренингі;
- «Адал бала із кеседі» детективтік шоуы;
- «Бір Ел! Бір Тағдыр! Бір Ту!» патриоттық флешмобы;
- QR-кодтар, пазлдар мен электрондық тапсырмалар қолданылатын «Гиперкеңістіктік квест» ұйымдастырылады.

«Еңбек адамы» бағыты

Бұл бағыт кез келген жасампаз еңбекке құрмет тәрбиелеуге арналған.

Практикалық қызметке:

- отбасылық әулеттермен кездесулер;
- «Өндірістегі бір күн» шеберлік сабақтары;
- «Profi-III: болашақ мамандықтары» мини-жобасы;
- «Ұшқыр ой алаңы» дебат турнирі кіреді.

«Таза Қазақстан» бағыты

Бұл бағыт экологиялық мәдениетті және қоршаған ортаға ұқыпты қарауды қалыптастыруға арналған.

Осы бағыт аясында:

- тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдеу бойынша эко-челленджер;
- «ИИ-санитар: айналадағы тазалық пен тәртіп» квест ойыны;
- «Пластик, беріл!» эко-челленджі;
- «Ақиқат ағашы» акциясы өткізіледі.

2. Сауықтыру модулі

Сауықтыру қызметі дене мәдениетін қалыптастыруға, спортқа қызығушылықты арттыруға және балаларды өз денсаулығына қамқорлық жасауға ынталандырады.

Таза ауада өткізілітін спорттық-сауықтыру іс-шаралары, табиғатпен танысу, спорттық ойындар мен жарыстар балалардың психологиялық және физиологиялық жағымды жағдайын қалыптастырады.

«Қасиетті география» бағыты

Бұл бағыт тарихи, мәдени және табиғи киелі орындарды қамтиды.

Солтүстік Қазақстан облысындағы бұл жоба балаларды туған өлкенің тарихымен, аңыздарымен және рухани мұрасымен таныстырады.

Осы бағыт аясында:

- облыстық мұражайларға экскурсиялар;
- Айыртау және Шал ақын аудандарының киелі орындарына саяхаттар ұйымдастырылады.

№1 «Qazaq Power» ауысымын іске асыру жоспары

Ауысым күні	Күн атауы	Негізгі мазмұны мен педагогикалық міндеті
1 күн	«Достық күні»	Қатысушыларды бейімдеу, БСБО-мен таныстыру, жасақтар құру
2 күн	«Startup & Values» – әлеуметтік жауапкершілік күні	Коммуникация, медиа сауаттылық және өзін таныстыру дағдыларын дамыту
3 күн	«Тарих коды» – мұра күні	Қазақстанның тарихи және мәдени мұрасымен таныстыру

4 күн	«Болашақ мұрағаты» – зерттеушілер күні	Көшбасшылық пен жауапкершілікті дамыту
5 күн	«Заң day: ережемен өмір сүреміз»	Ынтымақтастық пен сенім мәдениетін қалыптастыру
6 күн	«Мейірімді жүрек»	Outdoor-квесттер және командалық өзара әрекет
7 күн	«Адал азамат» құндылықтар күні	Әлеуметтік жауапкершілік қалыптастыру
8 күн	«Мамандық — менің жолым»	Кәсіптік бағдар беру
9 күн	«Жерім менің – тірегім»	Storytelling және шығармашылық өзін-өзі дамыту
10 күн	«New Generation»	Қорытындылау және марапаттау

№2 «ЭкоLand» ауысымын іске асыру жоспары

Ауысым күні	Күн атауы	Негізгі мазмұны мен педагогикалық міндеті
1 күн	«Startup Start» – ашылу күні	Жобалық командаларды қалыптастыру және қатысушыларды бейімдеу
2 күн	«Жаңашыл күні — Аш – зертте!»	«Жасыл патруль» жобасы аясындағы «Жасампаздық жолы» акциясы
3 күн	«Жасыл экономика»	Экологиялық тәрбие және табиғи ресурстарға ұқыпты қарау
4 күн	«Өнер Fest» – еңбек күні	Мамандық таңдауға бағытталған кәсіптік бағдар беру
5 күн	«Табиғат және адам»	Экологиялық акциялар және outdoor-практикалар
6 күн	«Ұлы дала challenge»	Тарихи квесттер мен интеллектуалдық ойындар
7 күн	«Рух Ұлы дала»	Тарихқа, мәдениетке және ұлттық дәстүрлерге құрмет қалыптастыру
8 күн	«Твори – выражай!»	Ашық шеберлік сабақтары мен шығармашылық зертханалар
9 күн	«Спорт Fest»	Ұлттық спорт түрлерінен жарыстар
10 күн	«Ұлы дала мұрасы»	Қорытынды жобаларды таныстыру

№3 «ИИ и Я: Smart bala» ауысымын іске асыру жоспары

Ауысым күні	Күн атауы	Негізгі мазмұны мен педагогикалық міндеті
1 күн	«Tech Start»	Қатысушыларды технологиялық бағытпен таныстыру
2 күн	«AI Nomad»	Жасанды интеллект негіздерімен танысу

3 күн	«Digital Art»	Digital-art және этнодизайн арқылы креативті ойлау
4 күн	«Ethno Future»	Ұлттық мәдениетті технология арқылы таныту
5 күн	«Адал Tech»	Цифрлық мәдениет және желідегі жауапты мінез-құлық
6 күн	«РобоЛэнд»	Технология мен тірі қарым-қатынас тепе-теңдігі
7 күн	«Future Design»	Командалық технологиялық жобалар әзірлеу
8 күн	«EthnoTech Fest»	Digital-art және этно-tech жобаларын таныстыру
9 күн	«Digital Unity»	Командалық рух пен ынтымақтастықты нығайту
10 күн	«Generation Future»	Қорытындылау және марапаттау

№4 «Art-Fest» ауысымын іске асыру жоспары

Ауысым күні	Күн атауы	Негізгі мазмұны мен педагогикалық міндеті
1 күн	«Media Start»	Медиа-командаларды қалыптастыру
2 күн	«Voice of Media»	Медиа коммуникация дағдыларын дамыту
3 күн	«Ұлы дала әуені»	Музыкалық және мәдени іс-шаралар
4 күн	«Smile Day»	Жақсылық акциялары және көшбасшылық мектебі
5 күн	«Offline Communication»	Эмоционалдық интеллект пен командалық өзара әрекет
6 күн	«Достық күні»	Балалардың өзара сенімі мен достығын қалыптастыру
7 күн	«Шығармашылық әлемі»	Ұлттық өнер және шығармашылық шеберханалар
8 күн	«Qazaq Media Fest»	Бейнероликтер мен подкасттарды таныстыру
9 күн	«Open Microphone»	Көпшілік алдында сөйлеу және медиажобаларды қорғау
10 күн	«Media Generation»	Қорытынды іс-шаралар мен марапаттау

№5 «Ата-баба жолы» ауысымын іске асыру жоспары

Ауысым күні	Күн атауы	Негізгі мазмұны мен педагогикалық міндеті
1 күн	«Рухани бастау»	Қатысушыларды бейімдеу
2 күн	«Ұлттық мұра»	Ұлттық құндылықтар мен мәдени мұраны зерделеу
3 күн	«Шығармашылық әлемі»	Ұлттық өнер және шығармашылық шеберханалар

4 күн	«Nomad Games»	Ұлттық ойындар мен спорттық белсенділіктер
5 күн	«Адал азамат»	Жауапкершілік пен сыйластық мәдениетін қалыптастыру
6 күн	«Ұлы дала әуені»	Музыкалық және мәдени бағдарламалар
7 күн	«Жастар дауысы»	Коммуникация және шешендік қабілеттерін дамыту
8 күн	«Рух fest»	Шығармашылық байқаулар мен жетістіктер көрмесі
9 күн	«Ұрпақтар сабақтастығы»	Дәстүр мен тарихқа құрмет
10 күн	«Ұлы дала ұрпағы»	Қорытындылау және марапаттау

6-бөлім. Бағдарламаны іске асыру шарттары

Бағдарламаны іске асырудың ұйымдастырушылық шарттары

Қатысушылардың қызметін ұйымдастыру күн тәртібіне, санитариялық-эпидемиологиялық талаптарға, тіршілік қауіпсіздігі талаптарына, кәмелетке толмағандардың жас ерекшеліктеріне және ауысымдардың тақырыптық мазмұнына сәйкес жүзеге асырылады.

Жасақтарды қалыптастыру қатысушылардың жас ерекшеліктерін, психологиялық үйлесімділігін, қызығушылықтарын және тақырыптық ауысымдардың бағытын ескере отырып жүргізіледі.

Жасақтардың толықтырылуы қолданыстағы санитариялық нормалар мен қауіпсіздік талаптарына сәйкес анықталады.

Ауысым барысында білім беру, шығармашылық, жобалық, спорттық, ойын және сауықтыру қызметтерінің тиімді үйлесімі қамтамасыз етіледі.

Материалдық-техникалық шарттар

Бағдарламаны іске асыру үшін:

- қатысушыларды орналастыруға арналған тұрғын корпустар;
- оқу және шығармашылық кабинеттер;
- медиа және digital-кеңістіктер;
- акт залы;
- спорт алаңдары;
- outdoor-іс-шараларға арналған алаңдар;
- кітапханалық-ақпараттық ресурстар;
- медициналық пункт;
- асхана және тұрмыстық инфрақұрылым нысандары пайдаланылады.

Іс-шараларды өткізу үшін:

- ноутбуктер мен мультимедиялық жабдықтар;
- проекциялық техника;
- фото және бейнетехника;
- музыкалық аппаратура;
- спорттық құрал-жабдықтар;
- туристік және outdoor-іс-шараларға арналған жабдықтар;
- үстел ойындары мен интеллектуалдық ойындар;
- шығармашылық және жобалық қызметке арналған материалдар қолданылады.

Материалдық-техникалық қамтамасыз ету қатысушылардың қауіпсіздігін, қолжетімділігін және қызмет түрлерінің алуан түрлілігін қамтамасыз ететін заманауи білім беру және сауықтыру ортасын құруға бағытталған.

Санитариялық-гигиеналық шарттар

Қатысушылардың қызметі Қазақстан Республикасының санитариялық-эпидемиологиялық талаптарын сақтай отырып ұйымдастырылады.

БСБО-да:

- қауіпсіз тұру жағдайлары;
- бөлмелерді желдету және санитариялық өңдеу режимі;
- тамақ сапасын бақылау;
- ауыз су режимі;
- жеке гигиена талаптарын сақтау;
- қатысушылардың денсаулығын күнделікті медициналық бақылау;
- профилактикалық іс-шараларды ұйымдастыру қамтамасыз етіледі.

Кәмелетке толмағандардың шамадан тыс шаршауының алдын алуға, жүктемені дұрыс бөлуге және қозғалыс белсенділігін сақтауға ерекше назар аударылады.

Қауіпсіздікті қамтамасыз ету шарттары

Қатысушылардың қауіпсіздігі – Бағдарламаны іске асырудың басым бағыты.

БСБО-да:

- өрт қауіпсіздігі талаптарының сақталуы;
- терроризмге қарсы қорғалу;
- аумаққа кіруді бақылау;
- қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулықтар;
- педагогтердің сүйемелдеуі;
- медициналық сүйемелдеу;

- спорттық, туристік және outdoor-іс-шараларды қауіпсіз ұйымдастыру қамтамасыз етіледі.

Іс-шаралар алдында қатысушылар міндетті түрде қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулықтан өтеді.

Психологиялық-педагогикалық шарттар

Бағдарлама жасөспірімдердің жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып іске асырылады.

БСБО-да бастамашылдықты, коммуникацияны, шығармашылық өзін-өзі танытуды және әлеуметтік белсенділікті дамытуға ықпал ететін психологиялық тұрғыдан қауіпсіз орта қалыптастырылады.

Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу:

- бейімдеу іс-шараларын;
- командалық жұмыстарды;
- эмоционалдық жағдай мониторингін;
- жеке педагогикалық қолдауды;
- рефлексиялық кездесулер мен «отырыстарды»;
- жанжалдардың алдын алуды;
- өзара сыйластық мәдениетін дамытуды қамтиды.

Ақпараттық-әдістемелік шарттар

Бағдарламаны ақпараттық-әдістемелік сүйемелдеу:

- тақырыптық ауысымдарды ұйымдастыру бойынша әдістемелік материалдарды;
- іс-шаралар сценарийлерін;
- тренингтер мен шеберлік сабақтарының әзірлемелерін;
- жобалық және шығармашылық қызмет бағдарламаларын;
- медиа материалдар мен цифрлық білім беру ресурстарын;
- педагогтерге арналған нұсқаулық материалдарды;
- қауіпсіздік, медиа сауаттылық және салауатты өмір салты бойынша ақпараттық материалдарды қамтиды.

Қатысушылар үшін шығармашылық, жобалық және медиа қызметті жүзеге асыруға мүмкіндік беретін заманауи ақпараттық-коммуникациялық орта құрылады.

7-бөлім. Кадрлық және әдістемелік қамтамасыз ету

Бағдарламаны кадрлық қамтамасыз ету

«Future Ел – болашақ Қазақстан шеберханасы» бағдарламасын іске асыруды БСБО-ның педагогикалық, медициналық және өзге де қызметкерлері қамтамасыз етеді.

Бағдарламаны іске асыруға:

- БСБО басшысы;
- аға тәлімгер;
- тәлімгерлер;
- тәрбиешілер;
- қосымша білім беру педагогтері;
- спорт және дене шынықтыру нұсқаушылары;
- медицина қызметкерлері;
- техникалық мамандар;
- тіршілік қауіпсіздігін қамтамасыз ететін қызметкерлер тартылады.

Педагогтердің эмоционалдық жайлылықты, қатысушылардың белсенділігі мен қызығушылығын қамтамасыз ететін қауіпсіз әрі дамытушы орта құруға кәсіби дайындығына ерекше назар аударылады.

Жазғы маусым басталғанға дейін педагогтер:

- тіршілік қауіпсіздігі бойынша нұсқаулықтардан;
- кәмелетке толмағандардың өмірі мен денсаулығын қорғау мәселелері бойынша оқытудан;
- әдістемелік консультациялардан;
- оқыту семинарлары мен тренингтерден өтті.

Педагог қызметкерлердің функционалдық міндеттері

БСБО басшысы:

- Бағдарламаны іске асыруға жалпы басшылық жасайды;
- ұйымдастырушылық жағдайларды қамтамасыз етеді;
- тәрбиелік және сауықтыру қызметінің сапасын бақылайды;
- қауіпсіздік талаптарының сақталуын қамтамасыз етеді;
- қызметкерлердің жұмысын үйлестіреді.

Тәлімгерлер мен тәрбиешілер:

- қатысушылардың күнделікті қызметін ұйымдастырады;
- тәрбиелік, ойын, шығармашылық және спорттық іс-шараларды өткізеді;
- жасақтарда қолайлы психологиялық ахуал қалыптастырады;
- балалардың өзін-өзі басқаруын дамытады.

Спорт және дене шынықтыру нұсқаушылары:

- спорттық, туристік және сауықтыру іс-шараларын өткізеді;
- қатысушылардың денсаулығын нығайтуға ықпал етеді;
- салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастырады.

Медицина қызметкерлері:

- медициналық сүйемелдеуді жүзеге асырады;
- санитариялық-гигиеналық талаптардың сақталуын бақылайды;
- профилактикалық іс-шаралар өткізеді;
- алғашқы медициналық көмек көрсетеді.

Ақпараттық-коммуникациялық сүйемелдеу

Бағдарламаны іске асыру барысында:

- медиа-кеңістіктер;
- digital-алаңдар;
- ақпараттық стендтер;
- фото және бейне сүйемелдеу;
- тақырыптық ауысымдардың қызметін жариялау;
- қатысушылардың медиаконтент пен digital-жобалар жасауы ұйымдастырылады.

Ақпараттық-коммуникациялық сүйемелдеу:

- медиа сауаттылықты;
- цифрлық коммуникация дағдыларын;
- жобалық ойлауды;
- шығармашылық белсенділікті;
- цифрлық ортадағы қауіпсіз мінез-құлық мәдениетін дамытуға ықпал етеді.

8-бөлім. Бағдарламаны іске асыру нәтижелерін мониторингтеу және бағалау

Бағдарламаны іске асыру мониторингінің жалпы тәсілдері

Мониторинг ауысым бойы жүргізіледі және:

- Бағдарлама мақсаттарына қол жеткізу деңгейін;
- іс-шараларды ұйымдастыру сапасын;
- қатысушылардың тартылу деңгейін;
- тәрбиелік технологиялардың тиімділігін анықтауға бағытталған.

Мониторинг жүйесі:

- Бағдарламаны іске асыру нәтижелерін;
- қатысушылардың қанағаттану деңгейін;
- педагогтердің қызмет тиімділігін талдауға және қажет болған жағдайда түзету енгізуге мүмкіндік береді.

Мониторингтің түрлері мен әдістері

Бағдарламаның тиімділігін бағалау үшін:

- педагогикалық бақылау;
- сауалнама;
- әңгімелесу;
- рефлексиялық кездесулер;
- қатысушылардың жобалық және шығармашылық қызметін талдау;
- кері байланыс әдістері қолданылады.

Педагогикалық бақылау білім беру, спорттық, шығармашылық және коммуникативтік белсенділіктерге қатысу деңгейін анықтауға мүмкіндік береді.

Сауалнама мен сұхбаттар қатысушылардың ауысым мазмұны мен лагерь жағдайларына қанағаттану деңгейін анықтау үшін қолданылады.

Бағдарламаның тиімділігін бағалау критерийлері

Бағдарламаның тиімділік критерийлері:

- қатысушылардың белсенділігі;
- коммуникативтік және көшбасшылық дағдылардың дамуы;
- командалық өзара әрекет сапасы;
- эмоционалдық жайлылық;
- спорттық-сауықтыру белсенділігі болып табылады.

Тиімділік көрсеткіштері:

- іс-шараларға белсенді қатысу;
- шығармашылық және әлеуметтік белсенділіктің артуы;
- медиа сауаттылық пен салауатты өмір салты дағдыларының қалыптасуы;
- Қазақстанның тарихы мен мәдениетіне қызығушылықтың артуы;
- қауіпсіз әрі психологиялық жайлы ортаның құрылуы.

Бағдарламаны іске асыру қорытындылары

Бағдарламаның қорытындысы әр тақырыптық ауысым мен жазғы маусым аяқталғаннан кейін шығарылады.

Қорытынды бағалау:

- іс-шаралар жоспарының орындалуын;
- жобалық, шығармашылық және спорттық қызмет нәтижелерін;
- қатысушылардың қанағаттану деңгейін талдауды қамтиды.

Мониторинг нәтижелері:

- Бағдарлама мазмұнын жетілдіруге;
- тәрбиелік және сауықтыру қызметінің сапасын арттыруға;
- БСБО тәрбиелік ортасын дамытуға пайдаланылады.

еще

Бағдарламаны іске асыру нәтижелерін мониторингтеу және бағалау кестесі

р/с	Іс-шара	Өткізу мерзімі	Жауаптылар
1	Балалар лагерінің қызметін ұйымдастыру бойынша ата-аналардың ұсыныстарын анықтау мақсатында сауалнама жүргізу	Сәуір	Лагерь басшысы, сынып жетекшілері
2	Балалардың қызығушылықтары мен лагерьде болу себептерін анықтау мақсатында ұйымдастыру кезеңінде сауалнама жүргізу	Ауысымның 1-күні	Тәрбиешілер
3	Балалар ұжымына бастапқы диагностика жүргізу	Ауысым барысында	Лагерь басшысы, тәрбиешілер
4	Аралық диагностика	Ауысым барысында	Лагерь басшысы, тәрбиешілер
5	Қорытынды диагностика	Ауысым соңында	Лагерь басшысы, тәрбиешілер
6	Балалардың көңіл күйін және өткізілген іс-	Ауысым бойы	Лагерь басшысы, жасак тәрбиешілері

	шараларға қанағаттануын күнделікті бақылау		
7	Ауысым соңында балалар мен ата-аналардан сауалнама алу	Ауысымның соңғы күні	Тәрбиешілер

Бастапқы диагностика барысында баланың қызығушылық бағыттары, қызметке ынталануы және дайындық деңгейі туралы мәліметтер жиналады (тесттер, сауалнамалар, ойындар).

Аралық диагностика Бағдарламаны іске асыру үдерісін түзетуге және қажетті нәтижелерді анықтауға мүмкіндік береді:

- «Менің портретім» шығармасы;
- «Менің жасағым»;
- «Мен кеше, бүгін, ертең» (сурет, шығарма және т.б.).

Қорытынды диагностика Бағдарламаны іске асыру нәтижелерін бағалауға көмектеседі (сауалнама, тестілеу, анкета).

Ауысым барысында қатысушылардың эмоционалдық жағдайына, ұжымның даму деңгейіне күнделікті өзін-өзі бағалау жүргізіледі; педагогикалық ұжым қатысушылардың эмоционалдық жағдайына күнделікті диагностика жүргізеді, сондай-ақ социометрия мен бақылау әдістері қолданылады.

9-бөлім. Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі

Нормативтік құқықтық актілер

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы (1995 жылғы 30 тамыз, өзгерістер мен толықтырулармен);
2. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III Заңы;
3. «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №293-VI Заңы;
4. «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы №345 Заңы;
5. «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі №360-VI Кодексі;
6. «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 мамырдағы №94-V Заңы;
7. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы №216 «Оқулықтар тізбесін бекіту туралы» бұйрығы;

8. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 30 шілдедегі №194 бұйрығымен бекітілген «Адал азамат» бірыңғай тәрбие бағдарламасы;

9. ҚР ДСМ-78 санитариялық қағидалары «Балалардың сауықтыру және санаторий объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар»;

10. ҚР ДСМ-76 санитариялық қағидалары «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар»;

11. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығымен бекітілген білім беру ұйымдарының үлгілік қағидалары.

Оқу-әдістемелік материалдар

12. Каникул кезеңінде балалардың демалысын, сауықтырылуын және жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар. – Қарағанды, 2015 ж.;

13. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2024–2026 жылдарға арналған жазғы каникул кезеңінде балалардың сауықтыру демалысын, бос уақытын және жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдары;

14. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді ұйымдастыру – Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2022 ж.